



"Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 шілдедегі № 794 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 818 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.12.2018 № 818 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 184-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 18 шілдедегі
№ 794 қаулысымен
бекітілген

"Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы

"Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - ӘКК) 2014 - 2023 жылдарға арналған даму стратегиясы (бұдан әрі — Стратегия) ӘКК қызметінің бағыттары бойынша индустриялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да салаларындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген және оның он жылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Стратегия "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1236 қаулысының негізінде әзірленген.

Стратегияда таяудағы 10 жылға арналған миссия, пайым, стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, іс-шаралар, оларды іске асыру тетіктері мен қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері айқындалған және мыналардың негізгі бағыттары ескеріле отырып әзірленген.

1) Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы (бұдан әрі - 2050 Стратегиясы);

2) "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығы;

3) "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы;

4) "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы;

5) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы;

6) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығы;

7) "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы;

8) Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысы;

9) "Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1308 қаулысы;

10) "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысы;

11) "Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1145 қаулысы.

Стратегия ӘКК-ні одан әрі дамытудың тұтас әрі кешенді қағидаттарын қалыптастыратын жүйелі құжат болып табылады. ӘКК-нің 2014 - 2023 жылдарға арналған пайымын, миссиясын, мақсатын, міндеттерін, қызметінің негізгі бағыттары мен түйінді көрсеткіштерін айқындайды.

Стратегияның тұжырымдамалық сипаты бар және Стратегия келісіліп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткеннен кейін әзірленетін ұйымдастырушылық іс-шаралар мен құжаттамалық рәсімдердің сипатын қамтымайды.

Стратегия кейінгі бағдарламалық құжаттарды, бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарларын, ӘКК бюджетін, қаржылық және өндірістік модельдерді әзірлеу үшін негіз болып табылады.

1. Ағымдағы жағдайды талдау

Сыртқы ортаны талдау

2050 Стратегиясының басты мақсаты - Қазақстан Республикасының әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру және Қазақстанда экономикасы дамыған мықты мемлекеттің негізінде берекелі қоғам құру. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Мемлекет басшысы үш бірдей жаңғырту жүргізу міндетін қойды:

- 1) мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау;
- 2) әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау;
- 3) қоғамдық сананы қайта өзгерту.

ӘКК өз қызметін Ақмола облысының аумағында жүзеге асырады, оның жалпы ауданы 146,2 мың шаршы км құрайды, бұл Қазақстан Республикасы аумағының 5,4 %-ы. Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісінде облыстық маңызы бар 2 қала және 17 аудан бар. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс халқының саны 732 947 адамды құрады.

Ақмола облысының салалық мамандануын ескерсек, өңір үшін, ең алдымен ауыл шаруашылығының жоғары даму деңгейі тән. Өңдеуші өнеркәсіптің даму

деңгейінің өсуі оң үрдіс болып табылады, оған "2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысымен бекітілген Республикалық индустрияландыру картасының (бұдан әрі - Индустрияландыру картасы) алтынның, керамикалық кірпіштің, пластмасса құбырларының жоғары технологиялы өндірістерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар құруға бағдарланған ірі инвестициялық жобаларының іске асырылуы септігін тигізді.

Ресурстық әлеуеті

Ақмола облысында өзінің құрамы мен ауқымы жағынан бірегей алтын, уран, молибден, техникалық алмас, каолин мен мусковит, сондай-ақ темір кені, тас көмір, доломит, кең таралған пайдалы қазбалар мен минералды су қорының барланған көздері шоғырланған.

Ақмола облысы Қазақстанның бидай егетін өңірі болып табылады, даму әлеуеті өте зор. Ел аумағының бар болғаны 5,4 %-ын алып жатқан облыс бүкіл ауыл шаруашылығы өнімінің 12 %-ын, Қазақстанда өсірілетін бидайдың төрттен бір бөлігін шығарады, бұл өнімдер әлемдік стандарттарға сәйкес келеді.

Құс шаруашылығын, мал шаруашылығын, оның ішінде экспорттық әлеуеті жоғары ет бағытындағы шаруашылықты перспективалы дамыту бойынша позициясы мығым.

Жайылым алқаптарының болуы мал басы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Диқаншылық жөніндегі ғылыми-зерттеу станцияларының және асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын бірқатар шаруашылықтардың жұмысы саланың сапа көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған.

Шортанды ауданының Научный кентінде аграрлық, биотехнологиялық зерттеулерде технологиялар мен білімнің әлеуетін дамытуға бағытталған агроөнеркәсіптік ғылыми-оқыту кешенін қалыптастыру шеңберіндегі жобалардың іске асырылуы ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды енгізуге және коммерцияландыруға ықпал ететін болады, мұның өзі саланы дамытудың сапа көрсеткіштері мен оның бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай жоғарылатуға мүмкіндік бермек.

Мұның бәрі орнықты өткізу нарығы бар ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу саласын және тамақ өнімдерінің өндірісін дамыту үшін алғышарт болады.

Алтын, уран, автомобиль техникасын, авиациялық өнімдерді, теміржол көлігіне арналған мойынтіректерді шығаратын экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік ірі кәсіпорындар облыстың өнеркәсіптік әлеуетін айқындайды. Молибден өндірісін, химия саласын дамытуға мүмкіндіктер бар.

Бірегей табиғат кешені - Щучинск-Бурабай курорттық аймағының (бұдан әрі - ЩБКА) болуы әлемдік деңгейдегі туристік кешенді қалыптастыру үшін жағдайлар жасайды, бұл Ақмола облысының Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағындағы туристік бизнес көшбасшыларының біріне айналуына мүмкіндік бере отырып, демалушылар мен туристер санын ұлғайтуға оң әсерін тигізбек.

Көліктік әлеуеті

Облыстың тарамдалған көліктік инфрақұрылымы бар: теміржол желілері мен автомобиль желілері; халықаралық стандарттарға сай келетін әуежай; республика астанасына баратын көліктік магистральдардың қиылысында орналасқандықтан, көліктік әлеуеті жоғары.

Ақмола облысындағы жолдардың ұзындығы - 5622,1 км, бұларда 77 көпір құрылыстары мен жолда су өткізетін 2035 құрылыс пайдаланылады:

1) облыстық маңызы бар автомобиль жолдары - 2657,1 км, оның 960 км ұсақтас төселген;

2) аудандық маңызы бар автомобиль жолдары - 2965 км, оның 2461 км ұсақтас төселген.

Кәсіпкерлікті дамыту

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облыста тіркелген белсенді шағын және орта бизнес (бұдан әрі - ШОБ) субъектілерінің саны - 33,6 мың, бұл 2012 жылғы деңгейден 4,9 %-ға жоғары.

Белсенді субъектілер құрылымында дара кәсіпкерлердің үлесі басым — 82 % (27,6 мың), шаруа қожалықтары - 10,3 % (3,4 мың), шағын бизнестегі заңды тұлғалар - 6,6 % (2,2 мың), орта бизнестегі заңды тұлғалар - 1,1 % (0,4 мың).

Шағын және орта кәсіпкерлік саласында 119,8 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл өткен кезеңнен 8,3 %-ға жоғары немесе облыстың экономикалық белсенді тұрғындарының 27 %-ын құрайды.

Ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде: дара кәсіпкерлер - 47,5 мың адам (39,6 %), шаруа қожалықтары - 7,6 мың адам (6,3 %), шағын бизнес кәсіпорындарында - 23,8 мың адам (19,9 %), орта бизнес кәсіпорындарында - 41,0 мың адам (34,2 %).

Шағын және орта бизнес субъектілері 2013 жылы 308,7 млрд. теңгеге өнім өндіріп, қызметтер көрсеткен, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінен 7,8 %-ға артық.

60,3 %-ын немесе 186,3 млрд. теңгенің өнімін орта бизнестегі заңды тұлғалар, 14,6 %-ын шағын бизнестегі заңды тұлғалар, 12,2 %-ын дара кәсіпкерлер, 12,9 %-ын шаруа қожалықтары өндірген.

2013 жылы шағын кәсіпорындар 6185 жаңа жұмыс орнын құрған, жыл қорытындылары бойынша жоспарда- 5537 жаңа жұмыс орны.

Агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі - АӨК) ағымдағы жай-күйін талдау

Ақмола облысы Қазақстанның бидай егетін өңірі болып табылады, ауыл шаруашылығын дамыту әлеуеті өте зор.

Ауыл шаруашылығы - облыс экономикасының басты салаларының бірі. Шикізат өңдеумен, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдаумен, сақтаумен және сатумен айналысатын көптеген кәсіпорындардың жұмысы осы саланың табысты жұмыс істеуіне тәуелді.

500-ге жуық агроқұрылым, 5 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтары облыста ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысады, бұдан басқа, ауыл шаруашылығы өнімдері азаматтардың жеке қожалықтарында да өсіріледі.

Ақмола облысы астық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығына маманданған. Жылдық орташа есеппен астықтың жалпы жиналуы - 4 млн. тоннаға жуық, оның ішінде экспорттық әлеуеті - 1,5 миллион тоннаға дейін жететін сапасы жоғары бидай. Ауыл шаруашылығы саласының жалпы өндірісінің жалпы көлемінің 1/3 жуығын мал шаруашылығы өнімдері құрайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар желісі жақсы дамыған (сүт зауыттары, ет комбинаттары, диірмендер), мұның өзі оларды қайта жанарту және жұмыс істеп тұрған өндірісті ұлғайту тұрғысынан инвесторларды қызықтыруы мүмкін.

Ұлттық нормаларға сәйкес тамақ өнімдерінің негізгі тобы бойынша тұрғындардың қажеттілігі отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етіледі.

Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 2013 жылы 246,2 млрд. теңгені құрады, нақты көлем индексі (бұдан әрі - НКИ) - 2012 жылдың деңгейіне қатысты 135,7 %. Өсім дәнді дақылдарды, картоп, көкөніс жинау және мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді.

Өсімдік шаруашылығы

Өсімдік шаруашылығы саласында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті өнім өндірісін ұлғайту үшін ауыл шаруашылығының басым дақылдарының егістік алқаптарын құрылымдық және технологиялық әртараптандыруды жүзеге асыру, кеңейту жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің жалпы ауданы 10,5 млн. га құрайды, оның ішінде егістік - 5,3 млн. га (50,5 %), жайылым - 4,3 млн. га (41 %).

2013 жылы егіс алқабы 4,7 млн. га құрады. Жем-шөп дақылдарын егілетін алқап 1,5 есе (208 мың га), майлы дақылдар алқабы 33 %-ға (251 мың га) ұлғайтылды.

2013 жылы 5,1 млн. тонна астық жиналды (бастапқы салмақта), шығымдылық - 12,2 ц/га (өңдегеннен кейінгі салмағы - 4,8 млн. тонна, орташа шығымдылық - 11,2 ц/га.)

Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын жоғарылату мақсатында ылғал-ресурсты үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып дәнді дақылдар алқабын ұлғайту, машина-трактор паркін жаңарту, сапалы тұқым дайындау және тұқым алмастыру жөніндегі іс-шаралар жалғасуда.

Бұдан басқа, агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру және сақтандыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады.

Мал шаруашылығы

Мал шаруашылығында мал саны мен өнім өндірісіндегі оң үрдіс сақталып отыр. 2012 жылдың осындай кезеңіне қатысты 2013 жылы ірі қара мал (бұдан әрі - ІҚМ) басының өсуі 106,2 %-ды құрап, 355,5 мың басқа дейін ұлғайды, оның ішінде сиыр - 111,1 % (171,5 мың бас), жылқы - 102,3 % (122,5 мың бас), қой-ешкі - 103,2 % (448,0 мың бас), құс - 104,2 % (3,3 млн. бас). Қорада тұратын кезеңде мал басын сақтап қалу мақсатында шөптің екі жылдық қоры -1,5 млн. тонна жиналды.

Тірі салмақтағы ет өндірісі 4,7 %-ға өсіп, 79,4 мың тоннаны құрады, сүт-7,7 % -ға (328,3 мың тонна), жұмыртқа - 5,7 %-ға (520,0 млн. дана) өсті.

Елорда базарларына 62,2 мың тонна сүт өнімдері (2012 жылдың деңгейіне қатысты 100,1 %), 16,6 мың тонна ет өнімдері (100,8 %), 176,6 млн. дана жұмыртқа(111 %)жеткізілді.

2013 жылы 9,6 млрд. теңге сомасына 10 жоба іске асырылды, оның ішінде 2,1 млрд. теңге сомасына 3 жоба Индустрияландыру картасына қосылған, атап айтқанда:

1) ет бағытындағы мал шаруашылығы бойынша 2 жоба: "Agro-export LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қорғалжын ауданы - 2500 бас ІҚМ арналған бордақылау алаңы, "СХП Колутон-04" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астрахань ауданы - 1000 бас аналық малға арналған мал өсіру шаруашылығы;

2) сүт өндіру бойынша 1 жоба: "Астана-Өнім" акционерлік қоғамы, Целиноград ауданы - 800 басқа арналған сүт-тауар фермасын салу;

3) құс шаруашылығы бойынша 1 жоба: "Астраханская птица" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астрахань ауданы - жылына 2 мың тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы;

4) астық өңдеу бойынша 3 жоба: "Алтын Дән" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Есіл ауданы - диірмен кешені, қуаты тәулігіне 60 тонна ұн; "Бұланды-Астық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұланды ауданы -жылына

24,7 мың тонна ұн шығаратын диірмен кешені және сыйымдылығы 30 мың тонна астық сақтау қоймасы; "Фирма Нанар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұланды ауданы - жылына 1440 тонна жарма өндіретін цех;

5) 3 астық сақтау жобасы: дара кәсіпкер "Байзақов", Атбасар ауданы -7,5 мың тоннаға арналған элеватор кешені; "Granok KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Атбасар ауданы, сыйымдылығы 10 мың тонна; "Оксановка 1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Астрахань ауданы, сыйымдылығы 6 мың тонна.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ақмола облысында Ақмола облыстық мәслихатының 2011 жылғы 10 маусымдағы № 4 С-33-6 шешімімен бекітілген "Ақмола облысында ет бағытындағы мал шаруашылығын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасы" әзірленіп, іске асырылуда (бұдан әрі - Ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы).

Ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту бағдарламасының түйінді құрамдас бөлігі тауарлық табынды дамыту, оның генетикалық әлеуетін және өнімдік қасиетін жақсарту болып табылады.

Осы мақсатта шетелдік селекцияның ет бағытындағы өнімділігі жоғары 15 мыңнан астам ірі қара мал әкелініп, мал өсіретін асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтар желісі құрылуда.

Нашар тұқымды малдың көп болуына, малды шаруалардың өздерінің союына, санитариялық бақылау нормаларының сақталмауына және жем-шөп базасының нашар болуына байланысты мал шаруашылығының аз өнім беру проблемасы орын алып отыр.

Бұдан басқа, қайта өңдеуші кәсіпорындар аймақтарында дайындау пункттері санының жеткіліксіз болуы, сондай-ақ инфрақұрылым объектілері мен техниканың тозу дәрежесінің жоғары болуы агроөнеркәсіптік кәсіпорындар рентабельділігінің төмендеуіне және инвесторлар үшін ауыл шаруашылығы тартымдылығының төмендеуіне әкеп соқтырады.

Бұл проблемаларды шешу үшін ӘКК жайылымға түсетін жүктемені азайтуға, облыс аудандарында сервистік-дайындау орталықтарын құруға жәрдемдеседі, сондай-ақ өңірдің аграрлық секторын дамытуға инвестициялар тарту және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу жөнінде жұмыс жүргізетін болады.

Өнеркәсіптің ағымдағы жай-күйін талдау

Индустриялық әлеуетті, негізінен, Көкшетау және Степногорск қалалары, сондай-ақ негізгі өндірістік қуаттар орналасқан 7 аудан немесе тауар өндірушілердің жалпы санының үштен бірі құрайды.

Өңдеуші сектордың салалары: машина жасау, түсті металлургия, уран өндірісі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, ауыл шаруашылығы өнімдерін

қайта өңдеу және құрылыс индустриясы өнеркәсіптің негізгі (базалық) салалары болып табылады.

2013 жылғы қаңтар - желтоқсанда облыс кәсіпорындары саны аз, қосалқы кәсіпорындар мен үй қожалықтары секторының өнімдерін қоса алғанда, 286,0 млрд. теңге сомасына немесе 2012 жылдың кезеңіне қатысты 105,6 % тауар өнімдерін өндірді.

Салалар бөлінісінде бұл былайша қалыптасты:

- 1) кен өндіру өнеркәсібі - 45,2 млрд. теңге;
- 2) өңдеуші өнеркәсіп - 202,0 млрд. теңге;
- 3) электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау - 33,8 млрд. теңге;
- 4) сумен жабдықтау және кәріз - 5,0 млрд. теңге.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында өнеркәсіптің кен өндіру саласының үлес салмағы - 15,8 %-ды, өңдеуші - 70,6 %-ды, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау - 11,8 %-ды, сумен жабдықтау - 1,7 %-ды құрайды.

НКИ - өнеркәсіптік өндірістің өсуін сипаттайтын көрсеткіш 100,2 %-ды құрады.

Облыстың 5 өңірінде НКИ төмендеуіне жол берілген: Степногорск қаласында (97,7 %), Атбасар (93,8 %), Егіндікөл (91,0 %), Есіл (99,8 %) және Шортанды аудандарында (76,6 %).

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі жағынан ең қомақты үлес салмақ Степногорск - 24,9 %, Көкшетау - 23,3 % және Зеренді қалаларында - 15,7 % тиесілі.

Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің ең аз үлесі Егіндікөл (0,2 %), Жарқайың (0,5 %), Сандықтау (0,5 %) аудандарына тиесілі.

Кен өндіру өнеркәсібінде НКИ 2012 жылы 118,7 %-ды құрады.

"Өркен-Атансор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде темір кенін өндіру көлемі 1,3 есе, құрамында алтыны бар кен өндіру 17,0 %-ға ұлғайды.

2012 жылғы кезеңмен салыстырғанда "Он-Олжа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде көмір өндіру 8,6 %-ға төмендеді.

Өңдеуші өнеркәсіпте НКИ 99,9 %-ды құрады.

Өңдеуші өнеркәсіпте өндірістің 18,7 %-ы тамақ өнімдерінің өндірісіне тиесілі (тауарлық өнім көлемі 37,8 млрд. теңге).

2012 жылғы кезеңмен салыстырғанда "Астана Агроөнім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмысының есебінен ет және қосалқы тағамдық өнімдер өндірісі (заттай мәнде) 29,6 %-ға, өсімдік майының өндірісі 1,8 есе ("Agrimer Astyk" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есебінен), сүт өнімдері мен өзге де өнімдер өндірісі 19,7 %-ға, нан 25,6 %-ға, еттің жартылай фабрикаттары -1,5 есе ұлғайды.

Сусындар өндірісі саласында алкогольді сусындар өндірісі - 6,2 %-ға, алкогольсіз сусындар өндірісі 6,0 %-ға, сыра 2,1 есе ұлғайды.

Химия өнеркәсібінің өнімдерін шығару саласында НКИ 95,6 %-ды құрады.

Машина жасауда НКИ 101,0 %-ды құрады. "Степногорск подшипник зауыты" акционерлік қоғамы (теміржол жылжымалы құрамына арналған подшипниктер өндірісі), "КАМАЗ-Инжиниринг" акционерлік қоғамы (КАМАЗ жүк автомобильдерін құрастыру), "Атбасар электровоз жөндеу зауыты" акционерлік қоғамы, "Қамқор-Локомотив" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (электровоздарды күрделі жөндеу) саланың озық кәсіпорындары болып табылады.

"Степногорск подшипник зауыты" акционерлік қоғамында 2013 жылғы қантар - желтоқсанда подшипниктер шығару 22793 тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 30,2 %-ға аз.

"КАМАЗ-Инжиниринг" акционерлік қоғамы 1482 бірлік көлемінде жүк автомобильдерін құрастыруды жүзеге асырды (оның ішінде 1210 жүк, 113 арнайы автомобильдер, он және одан көп адам тасымалдайтын 151 автомобиль), бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе артық.

Сондай-ақ мынадай машина жасау кәсіпорындарының өндіріс көлемі ұлғайды : "Қамқор-Локомотив" акционерлік қоғамының филиалы (4,4 %-ға), "БЛВРД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (30 %-ға), "Рауан-Бурабай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (5,6 %-ға).

Өзге де бейметалл минералды өнімдер өндірісі саласында НКИ 124,3 %-ды құрады.

"ҚазШпал" акционерлік қоғамында бетоннан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкцияларын шығару көлемі 2,1 есе ұлғайды. Бетон жұмыстарының негізгі көлемінің аяқталуына байланысты "Көкше-Цемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде зауыт құрылысында пайдаланылатын құрылыс сылақтарын шығару көлемі азайды (өткен жылдың кезеңіне қатысты 13,3 %).

Металлургия саласындағы НКИ 94,5 %-ды құрады (тауарлық өнім көлемі 43,7 млрд. теңге). Жыл басынан бері алтын өндірісі 7914 кг немесе өткен жылдың кезеңіне қатысты 95,9 %-ды құрады.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау саласында НКИ 100,0 %-ды құрады.

Бұл саладағы басты кәсіпорын "Степногорск жылу-электр орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады.

Өнеркәсіпті әртараптандыру деңгейінің және инновациялық жобаларды пайдалануға беру серпінінің төмен болуына байланысты облыста өндірілетін өнім номенклатурасының аз болуы проблемасы орын алып отыр. Ұсақ тауар өндіретін өндірістердің көп болуы жаңа технологияларды енгізуге, қайта өңдеу деңгейін ұлғайтуға кедергі келтіреді, мұның өзі өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Өңірдің өнеркәсібін қолдау және дамыту мақсатында ӘКК Ақмола облысындағы индустриялық-инновациялық жобаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында іске асыруды жоспарлап отыр. Өндірістік өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырудың кластерлік тәсілі өңірді индустриялық-инновациялық дамыту шеңберінде инвестициялар тарту бойынша ӘКК алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Туризмді дамытудың ағымдағы жай-күйін талдау

Туристік кластер құру тұрғысынан алғанда Қазақстан өңірлерінің арасында Ақмола облысы ең перспективалы өңірлердің бірі болып табылады. Облыс республиканың орталық бөлігінде, елордамыз Астана қаласына жақын орналасқан, мұның өзі туристердің ұдайы ағылуы мен өңірді одан әрі дамытудың кепілі болып табылады. Өңірде тарих және табиғат ескерткіштері өте көп, республикадағы ішкі туризм мен сырттан келетін туризмді дамыту үшін әлеуеті зор.

ЩБКА аумағында жалпы сыйымдылығы 9 мың орыннан астам 100-ге жуық санаторий-курорт ұйымдары жұмыс істейді, оның ішінде: қонақүйлер, отельдер, SPA-орталықтар мен балаларға арналған сауықтыру кешендері бар. Стационарда демалу, сауықтыру мақсатындағы туризм мен мәдени-танымдық туризм кеңінен дамытыла бастады. Марал өсіру шаруашылығы дамытылуда, Қазақстан Республикасының солтүстік өңірінде тұңғыш рет бұғы мүйізімен емдеу орталығы ашылды.

"Бурабай" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 512 Жарлығын орындау үшін ЩБКА-да "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының аумағында заманауи туристік орталық құру жөнінде шаралар қабылдануда. "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының" аумағында инфрақұрылымдық ресурстар салу жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Щучинск қаласын айналып өтетін "ЩБКА-дағы туристік орталыққа кіреберіс" автомобиль жолының құрылысы аяқталды, 4 жолақты қозғалысы бар, ұзындығы 9 км болатын бұл жол "Щучинск-Бурабай" автожолына қосылады.

Ақмола облысының туристік қызметтер нарығында 64 туристік фирма жұмыс істейді, бұлар лицензия негізінде әрекет етіп, елге туристер тарту жөнінде және ішкі туризм бойынша өз қызметтерін көрсетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елдегі туризмнің өсу нүктелері айқындалды, олар бойынша Туризмді дамытудың жүйелі жоспарлары әзірленді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 919 қаулысымен Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2012 -2013 жылдарға арналған жүйелі жоспары (бұдан әрі - 2012 - 2013 жылдарға арналған жүйелі жоспар) бекітілді. 2012 - 2013 жылдарға арналған жүйелі жоспардың негізінде аралас

салаларды: көлік-логистика және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту, экологиялық мәселелерді шешу және басқалары арқылы Ақмола облысында бәсекеге қабілетті туристік өнім құру жөніндегі іс-шараларды кешенді түрде іске асыруды көздейтін ЩБКА-ны дамытудың 2014 - 2016 жылдарға арналған екінші кезеңі әзірленді.

Өңірдің туристік саласын одан әрі дамыту, сондай-ақ Бурабай курорттық аймағын дамытудың жүйелі жоспарын іске асыру мақсатында, оның ішінде туристік ақпараттық орталықтарды құру және қолдау, олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ӘКК өңірдің туристік индустриясының мүдделі құрылымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Қазақстан Республикасының шегінен тыс туристік мүмкіндіктерді, өңірдің курорттық артықшылықтарын ілгерілету үшін ӘКК мүдделі құрылымдармен бірге Ақмола облысының оң имиджін қалыптастыру жөнінде нақты іс-шаралары бар медиа-жоспарды әзірлеуді жоспарлауда. Сондай-ақ ӘКК Ақмола облысының Бурабай курорттық аймағын дамытудың жүйелі жоспарының шеңберіндегі жобаларды қоса алғанда, облыс аумағында туризм саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шетелдік және отандық инвесторларды белсенді түрде тартуды жоспарлап отыр.

Ақмола облысындағы инвестициялық ахуалды бағалау

2013 жылы облыс экономикасына 140 млрд. астам теңге инвестицияланды (2012 жылдың деңгейіне қатысты НКИ - 93,9 %). Оның ішінде жартысынан астамы жеке меншік инвестицияларға тиесілі (меншікті, шетелдік, қарыз) 89 млрд. теңге (63 %).

Соңғы 3 жыл бойы негізгі капиталға құйылған жеке меншік инвестициялардың өскені байқалып отыр (меншікті қаражат: 2010 жыл — 41,6 млрд. теңге, 2011 жыл - 50,7 млрд. теңге, 2012 жыл - 59,6 млрд. теңге, 2013 жыл - 65,8 млрд. теңге).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - ҮИИДМБ) іске асырылған жылдары жалпы сомасы 102 млрд.теңгеден астам 39 инвестициялық жоба пайдалануға берілді.

Өңірге тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Айталық, 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 1 млрд. теңгеден астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. 2013 жылы Ақмола облысының мынадай кәсіпорындары сырттан инвестициялар тартты: "Степногорск подшипник зауыты" акционерлік қоғамы - 43 млн. теңге, "Агро Трейдинг-2007" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 59 млн. теңге, "САРЕКО" БК" жауапкершілігі шектеулі

серіктестігі - 473 млн. теңге, "Бурабай Туризм Сити" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 487 млн. теңге. Тұтастай алғанда, өңірге шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жұмыс өз жалғасын табуда.

Ақмола облысы VI Астана экономикалық форумы 2013 шенберінде өткен бірыңғай индустриялық көрмеге белсенді түрде қатысты. Әлеуетті инвесторлар үшін экономиканың шикізат емес секторында пысықтау дәрежесі жоғары екі жоба ұсынылды:

1) қаракүзен өсіру және қаракүзен терісін өңдеу жөніндегі аң өсіру фермасы - 22,8 млрд. теңге ("Kazyna Invest Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Зеренді ауданы);

2) Сарыадыр көмір кен орнының базасында ферросиликомалюминий өндіру жөніндегі зауыт - 3,9 млрд. теңге ("Он-Олжа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ерейментау ауданы).

Минералды шикізат ресурстарының қомақты көлемінің болуы инвестициялық тартымдылықты айқындайды, мұның өзі өнеркәсіпті дамытудың дәстүрлі бағыттары дамыту үшін де, жаңа өндірістер құру үшін де жағдайлар жасайды. Ең алдымен, ол дамыған тау-кен металлургиясы кешенінің болуы, мұндағы "Алтынтау-Көкшетау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Қазақалтын" тау-кен металлургиялық комбинаты" акционерлік қоғамы және қосалқы өндіріс құрылымына кіретін кәсіпорындар негізгі жүйе түзуші кәсіпорындар болып табылады. Жоғары қарқынмен дамып келе жатқан машина жасау саласының экспорттық әлеуеті өте зор.

Кең таралған пайдалы қазбалар көлемінің қомақты болуы құрылыс материалдарын шығару жөніндегі кәсіпорындарды дамыту үшін база болады - кірпіш, цемент, әрлеу материалдарын және басқаларын өндіруді ұйымдастыру жөніндегі жобаларды іске асыру жүзеге асырылады, бұларды кейіннен ішкі нарыққа ғана емес, экспортқа да шығару жоспарда бар.

Инвестицияларды көтермелеу мен қорғаудың институционалдық базасының әзірленбеуі, нарықтық инфрақұрылымның даму деңгейінің нашар болуы, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа кіріс деңгейінің жеткіліксіз болуы төлемге қабілетті ірі нарықты қалыптастыру үшін өңірге инвестицияларды тартудағы негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Өңірге инвестицияларды тартуды ынталандыру мақсатында ӘКК базасында Инвесторларға қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі - ИҚО) құрылды, сондай-ақ инвесторлар үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі. Шетелдік инвестициялық капиталды тарту үшін өңірге инвестицияларды тарту үшін арнайы іс-шараларды (форум, көрме және т.б.). ұйымдастыру және өткізу жоспарланған.

Ақмола облысындағы инновациялық ахуалды бағалау

Экспортқа бағдарланған ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялы өндірістерді құруды ынталандыру ҮИИДМБ міндеттерінің бірі болып табылады. 2050 Стратегиясында ел экономикасының әрқилы салаларында ғылымы қажет ететін жаңа технологияларды жеделдетіп әрі кеңінен енгізуге негізделген инновациялық экономикаға көшу қажеттілігі айқындалады.

Әлемдік нарықтарға ғылымды қажет ететін және бәсекеге қабілетті өнімдерді үздіксіз жеткізу, өндірісті үнемі техникалық-технологиялық жетілдіру инновациялық экономиканың міндеті болып табылады.

Инновациялық белсенділік деңгейі инновациялар мен қолда бар зияткерлік әлеуетті іске асыру тетіктері үшін қажетті білім базасының болуымен айқындалады.

Өңірді инновациялық дамытуды жақсарту үшін ӘКК бірқатар іс-шараларды орындауды көздеуде:

1) "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" акционерлік қоғамымен бірге Ақмола облысының аумағында технопарк құру;

2) R&D орталықтар құру, бұл қазақстандық жобалар бойынша зерттеулер жүргізуді біртіндеп Қазақстан аумағына көшіруге ықпал етеді;

3) кәсіпорындарда отандық әзірлемелерді енгізу және ел ішінде қазақстандық инновацияларға сұранысты ұлғайту үшін қазақстандық инжинирингтік және жобалық компанияларды құру.

Сыртқы ортаның жаһандық факторларының кешенді сипаттамасы

Сыртқы ортаның жаһандық факторлары - ұйымның операциялық қызметіне тікелей байланысы жоқ, алайда жалпы бизнес контекстін қалыптастыратын мейлінше ортақ күш-жігер, оқиғалар мен үрдістер. Мұндай күш-жігердің жеті тобын бөліп көрсетуге болады:

Құқықтық факторлар

ӘКК өз қызметінде жай-күйі көбінесе жылдамдығымен сипатталатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. ӘКК мемлекеттік органдардың - салық, кеден органдарының, статистика қызметтерінің, сәулет, қала құрылысы, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы бақылаушы қадағалау органдарының, зейнетақы қорларының және басқаларының талаптары мен шектеулерін сақтайды. Сонымен бірге, компания қызметі жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерімен де реттеледі, бұлар да жиі өзгертіліп, толықтырылады. Жиынтығында мұның бәрі компания тарапынан ұдайы мониторингтеу мен қызметті уақтылы үйлестіруді талап етеді.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына және "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы

холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1236 қаулысына сәйкес әзірленетін және бекітілетін Стратегия мен даму жоспарлары ӘКК-нің негізгі стратегиялық құжаттары болып табылады.

Шаруашылық факторлар

Шикізаттың, материалдардың, жиынтықтауыштардың, энергия ресурстарының сыртқы және ішкі бағаларының ұдайы өзгеруі, өнімді өндіру, өткізу көлеміндегі елеулі өзгерістер және жалпы нарықтық конъюнктураның өзгеруі ӘКК табысты инвестициялық қызметіне айтарлықтай ықпал етуге қабілетті. Сондықтан ӘКК өз қызметін жүзеге асыру кезінде ӘКК іске асырып жатқан жобалары бетпе-бет келуі мүмкін ықтимал шаруашылық тәуекелдерді ескеруі қажет.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі қарсаңында қазақстандық нарықтағы бәсекенің ұлғаюы ӘКК-нің еншілес ұйымдарының тиімді жұмыс істеуіне ықпал етуге қабілетті, маңызды факторға айналуы мүмкін.

Табиғи және экологиялық факторлар

Климаттық жағдайлардың қатаң болуы облыста жұмыс істейтін компаниялар қызметі тиімділігінің төмендеуіне ықпалын тигізуі мүмкін. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпорындар үшін егіннің шықпай қалуы, ауыл шаруашылығы малдарының қырылу ықтималдығы ұлғаяды.

Қуаңшылық, су басу, боран — мұның бәрі ауыл шаруашылығы дақылдарының шығуына әсерін тигізіп, егіс алқаптарының құрылымына өз түзетуін енгізетіні сөзсіз. Соңғы уақытта, Қазақстанның солтүстік өңірлерінде ауа-райының қолайсыз болуына байланысты ауыл шаруашылығы дақылдарының 10-нан 30 %-ға дейінгі егіс алқаптары пайдаланудан шығып қалады.

Диқаншылық жағдайларының нашарлауына әкеп соқтыратын ықтимал климаттық өзгерістер өсімдік шаруашылығы өнімдеріне деген әлемдік қажеттіліктің ұлғаюына да, ирригациялық жүйелер мен заманауи суару жабдықтарына деген сұраныстың артуына да ықпал етуі мүмкін. Бұл ӘКК-нің өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен экспортын ұлғайтуға, сондай-ақ агротехнологиялар мен ресурс үнемдеуші жабдық өндірісін енгізуге өз ықпалын күшейтуіне мүмкіндік береді.

Демографиялық факторлар

Халық тығыздығының төмен болуы (1 шаршы км-ге 5,9 адам) және халықтың өсу деңгейінің төмен болуы (жылына 0,3 %) салдарынан Қазақстанның ішкі

нарығының әлеуетті сыйымдылығы өте аз және өндірістік ірі объектілерді құруға құйылған инвестициялардың жеткілікті деңгейдегі Пайдалылығын және тез арада қайтарылуын қамтамасыз етпейді.

Осыған байланысты, ӘКК еншілес компанияларында көрсетілетін қызметтер мен өнімнің пайдалылығы мен өткізілуінің қолайлы деңгейлеріне жеткілікті көлемде қол жеткізу үшін сыртқы нарыққа шығу талап етіледі.

Техникалық-технологиялық факторлар

Орнықты экономикалық даму және дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілігінің жоғарлауы оның инфрақұрылымдық элементтерін қалыптастыру кезінде кластерлік тәсілдерді кеңінен қолдана отырып, тиімді жұмыс істейтін ұлттық инновациялық жүйелердің базасында қамтамасыз етіледі.

Менеджментте, технологияда, жабдықта, кадрларының біліктілігінде іске асырылатын жаңа инновациялық шешімдер мен ноу-хаудың үлесі дамыған елдерде 70-85 % ішкі жалпы өнімің өсуі есебінен қамтамасыз етіледі.

Әлемдік экономикалық қызметті дамытудың заманауи үрдістерін талдау да әлемнің алдыңғы қатардағы елдері өздерінің өндірістік саладағы ғылыми және өндірістік әлеуетін нарықтың әрқилы сегменттерінде жұмыс істейтін кәсіпорындарды технологиялық және аумақтық ықпалдастыру жолымен өсіретін айғақтайды.

Мұндай ықпалдасу, әдетте, кәсіпорынды да, саланы да инновациялық дамытуға бағытталған кластерлік тәсілдер мен қағидаттар базасында жүзеге асырылады және жұмыс істейді. Қазақстанда бүгінде аралас салалардың әзірлемелерін өндіріске іс жүзіне ықпалдастыру жүйесі де, өнеркәсіп саласындағы инновациялық технологиялардың жетістіктерін тиімді трансферттеу инфрақұрылымы да жоқ.

Бүгінде, әлемдік нарықта кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне өндірілетін өнімді шығаруға жұмсалатын уақытты қысқарту есебінен қол жеткізіледі. Әлемдегі кәсіпорындардың көп бөлігі барған сайын PLM-технологиялары (Product Lifecycle Management - өнімнің тіршілік циклін басқару) мен электронды коммерция сияқты автоматтандыру құралдарымен үйлестіре отырып өндірістік процестерді басқарудың стандартталған тұжырымдамаларына көше бастады, бұлар өндіріске жұмсалатын уақыт пен қаржы шығындарын айтарлықтай төмендетуге және өз қызметтерін нарыққа ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Ішкі ортаны талдау

ӘКК қызметін талдау

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 266 қаулысына сәйкес "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ) үш өңірге - Ақмола,

Қарағанды облыстарына және Астана қаласына бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Шығарылған құқықтық актіге орай, құқықтық мирасқорлық шеңберінде бөлу теңгеріміне сәйкес "Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-ға "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ-ның Ақмола облысы бойынша материалдық және материалдық емес активтері берілді.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты мемлекеттік және жеке меншік секторларды шоғырландыру жолымен Ақмола облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Бұдан басқа, кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері:

- 1) кластерлік тәсіл негізінде бірыңғай экономикалық нарық құру;
- 2) инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;
- 3) инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 4) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен пайдалы қазбалар қорларының түрлері мен көлемінің тізбесінде айқындалған пайдалы қазбаларды, оның ішінде кең таралған қазбаларды барлау, өндіру;
- 6) ӘКК жарияланған акцияларын төлеуге мемлекет берген ұйымдарды оналту және қайта құрылымдау жөніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру немесе олардың негізінде жаңа өндірістер құру;
- 7) бизнес-жобаларды, оның ішінде концессия және кластерлік бастама негізінде іске асыру;
- 8) шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;
- 9) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістер құру.

Корпоративтік басқару

ӘКК басқару құрылымы иерархиялық жүйе түрінде құрылған, оның негізінде басқарудың төмен тұрған субъектілерінің жоғары тұрғандарына бағынысты болуына негізделген "тігінен" басқару моделі жатыр.

ӘКК-дегі корпоративтік басқару жүйесі, бір жағынан, құрамына акционердің өкілдері мен тәуелсіз директорлар кіретін Директорлар кеңесі арқылы, екінші жағынан, басқару органдарына қатысу жолымен ӘКК-нің қатысуы арқылы құрылатын мамандандырылған еншілес компанияларды және қоржынды компанияларды басқару арқылы іске асырылады.

Мыналар басқару органдары болып табылады: жалғыз акционер (акционерлердің жалпы жиналысы) - жоғары орган, директорлар кеңесі - басқару

органы, басқарма - атқарушы орган, ішкі аудит қызметі - бақылаушы орган. Бұл органдардың арасындағы өзара байланыс "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және ӘКК жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы ұйымдық құрылым - оларға қатысты ӘКК құқық иеленуші ие қоржынды инвестор болып табылатын, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге тиімді қол жеткізу мақсатында құрылған және жұмыс істейтін мамандандырылған еншілес компаниялар мен қоржынды компаниялар жиынтығы.

Бірлескен кәсіпорындарды ӘКК нақты бизнес-жобаларды, оның ішінде бизнес-әріптестермен бірге іске асыру үшін құрады (мысалы: жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру).

Корпоративтік басқаруды дамыту мынадай қағидаттарды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) қауіптерді басқару жүйесі;
- 2) корпоративтік есептілік;
- 3) инвестициялық жобалар мен еншілес ұйымдарды мониторингтеу.

Жыл сайын ӘКК-де аудиторлық компаниялар қаржы шаруашылық қызметке аудит жүргізеді.

Корпорацияның тігінен ықпалдастырылған моделін құру ӘКК, еншілес ұйымдар қызметіне қатысты стратегиялық және ағымдағы сипаттағы мәселелерді қарау деңгейлерінің ара жігін ажырату, сондай-ақ жедел мәселелерді басқарудың неғұрлым төменгі деңгейлерінде шешу мүмкіндігін беру арқылы корпоративтік басқару рәсімін оңайлатуға мүмкіндік береді. Бұл басқарушылық шешімдерді қабылдаудың және іске асырудың жылдамдығын арттыруға септігін тигізбек.

Менеджмент шешімдерінің барынша ашықтығын және негізділігін қамтамасыз ету мақсатында ӘКК өз қызметі туралы ӘКК-нің www.spk-esil.kz интернет-ресурсында көрініс табатын ақпараттың қолжетімділігі мен сапасын жақсарту саясатын ұстанады.

2015 жылы ӘКК қызметін ИСО 9001 халықаралық сапа стандартына сәйкес ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізу жоспарланып отыр, оның нәтижесінде сапа менеджменті жүйесі енгізілмек.

ӘКК кадр саясаты ӘКК алдында тұрған міндеттерді шешуге тығыз байланысты және адами ресурстарға ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға әрі болашақ қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағдарланған.

Персоналға ағымдағы және болашақ қажеттілікті қамтамасыз етуге жалдау, ауыстыру, ротациялау және ӘКК жұмыскерлерінің мансаптық өсуін жоспарлау жүйесін пайдалану жолымен қол жеткізіледі.

Корпоративтік басқару рейтингін беру мақсатында ӘКК-дегі корпоративтік басқаруды кешенді бағалау жүргізілген жоқ. Осыған байланысты, рейтингтің ағымдағы мәні айқындалмаған, рейтинг алу жөніндегі іс-шараларды 2015 жылы жүргізу жоспарланған.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (бұдан әрі - Қор) ең үздік корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуде оң тәжірибесі бар екенін атап өту қажет, оны мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың бәріне енгізу жоспарланған.

ӘКК компаниялар тобында Қордың тәжірибесін енгізу мақсатында корпоративтік басқару сапасын жақсарту үшін онымен өзара тығыз іс-қимыл жасау жоспарланып отыр.

ӘКК-нің кадр саясаты қайта қаралып, бизнесте жұмыс тәжірибесі бар адамдар мен "Болашақ" бағдарламасының түлектерін тартуға бағдарланатын болады.

Оның нарықтық жағдайларда жұмыс істеуіне байланысты барлық тәуекелдерді анықтауға бағытталған тиімді менеджмент жүйесі енгізіледі, ішкі бақылау және мониторинг тетіктері жолға қойылады.

ӘКК-нің адами ресурстарға ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға және болашақ қажеттіліктерін жоспарлауға арналған жұмыспен қамту саясаты. Болашақ қажеттіліктерді жоспарлау жаңа жобаларды және Компанияда әзірленетін бағдарламаларды іске асырумен байланысты болады.

Адами ресурстарға ағымдағы және болашақ қажеттіліктерді қамтамасыз етуге жалдау, ауыстыру, ротациялау және ӘКК жұмыскерлерінің мансаптық өсуін жоспарлау жүйесін пайдалану жолымен қол жеткізіледі.

Кадрлық тағайындаудың басты өлшемдері:

- 1) кандидаттың кәсіптік деңгейінің лауазымдық позицияға немесе жұмыс орнына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі;
- 2) корпоративтік құзыреттердің болуы;
- 3) жұмыскерлерді ӘКК-мен бірге дамуға ынталандыру.

Персоналдың барынша беріліп жұмыс істеуіне қол жеткізу мақсатында Компанияда еңбек нәтижелеріне байланысты көтермелеу және сыйақы беру жүйесін дамытуға бағытталған көтермелеу саясаты жүргізілетін болады.

Мемлекеттік органдармен және даму институттарымен өзара іс-қимыл жасау Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі-ЖАО) және ӘКК-нің өзара іс-қимыл жасауы корпоративтік басқару қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖАО ӘКК-ні жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысының) "Акционерлік қоғамдар туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарында және/

немесе ӘКК Жарғысында көзделген өкілеттіктерін іске асыру арқылы және директорлар кеңесінде ЖАО қызметкерлерінің өкілдік етуімен басқаруды мынадай талаптар қою жолымен жүзеге асырады:

- 1) жалғыз акционер ретінде мемлекет мүдделерін сақтау;
- 2) ӘКК қызметінің кірістілігін, тиімділігін және есептілігін қамтамасыз ету;
- 3) басқарудағы және/немесе меншіктегі активтерді тиімді басқару;
- 4) корпоративтік басқарудың ең үздік практикасын енгізу;
- 5) инновациялық процестер мен технологияларын әзірлеу және енгізу;
- 6) өңірге инвестициялар тартуға қатысу.

Сондай-ақ, ЖАО ӘКК-ге кейіннен оңалту (сауықтыру), қайта құрылымдау және олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамыту үшін қызметінің сипаты коммерциялық бағдарланған мемлекеттік активтерді біртіндеп беруде. Әкімдіктер рентабельді емес активтерді берген кезде аталған активтерді сауықтыру бойынша әзірленген жоспарға сәйкес бастапқыда қаржыландыру көзделетін болады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін ЖАО ӘКК-ге инфрақұрылымдық желілермен қамтамасыз етілген жер учаскелерін беруді, оның ішінде құрылатын индустриялық аймақтарды басқаруды ӘКК-ге беруді қамтамасыз етеді.

ӘКК өзіне жүктелген функцияларға және міндеттерге сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдармен, индустрия және индустриялық-инновациялық даму, агроөнеркәсіптік кешен, халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым, денсаулық сақтау, туризм, бәсекелестікті қорғау, жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті органдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында өзіне белгіленген құзыреттер шеңберінде жүйелі әрі тиімді өзара іс-қимыл жасайтын болады.

ӘКК бизнесті қолдау құралдарын қоса орналастыру, сондай-ақ бизнес үшін аталған институттардың ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік даму институттарымен өзара іс-қимыл жасайды.

ӘКК мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі өңірлік оператор рөлін атқара алады және жергілікті деңгейде даму институттарының мүддесін білдіре алады.

ӘКК мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға мынадай шарттармен қатыса алады:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысымен бекітілген ӘКК дамыту тұжырымдамасына сәйкес ӘКК міндеттеріне сай болуы;

2) бағдарлама бюджеті осы бағдарламаны іске асыруға байланысты ӘКК операциялық шығыстарын толық жабады және мейлінше жоғары пайда түсіруді қамтамасыз етеді;

3) бағдарламаны іске асыру жөніндегі тәуекелдер осы бағдарламаға қатысушылардың бәрінің арасында барабар бөлінеді;

4) ӘКК-нің бағдарламаға қатысуы туралы шешім корпоративтік басқару стандарттарын сақтай отырып қабылданады.

ӘКК қаржы-шаруашылық қызметі

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӘКК активтерінің теңгерімдік құны 4 485,0 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

- 1) қысқа мерзімді активтер - 1 273,0 млн. теңге;
- 2) ұзақ мерзімді активтер - 3 212,0 млн. теңге;
- 3) 2013 жылғы пайда 10 140 мың теңгені құрады.

2013 жылы 1 қызметкерге шаққандағы орташа пайда 281,7 мың теңгені құрады. Қызметкерлердің штат саны — 36 бірлік.

ӘКК еншілес ұйымдарының жарғылық капиталындағы үлесті сатып алуды іске асырудан алынатын пайда ӘКК-нің кіріс бөлігінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Айталық, 2013 жылы еншілес ұйымдарының жарғылық капиталындағы үлесті сатып алуан түскен ӘКК кірісі 85,0 млн. теңгені құрады. 2013 жылы дивидендтер нысанында алынған кіріс 14 843,0 мың теңгені құрады. 2013 жылы дивидендтер нысанында алынған кіріс 2012 жылғы көрсеткіштен шамамен 17 есе асып түсті.

ӘКК қаржы-шаруашылық қызметінің 2011 - 2013 жылдардағы көрсеткіштері мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	ЖИЫНЫ
Кірістер	108011,0	231 191,0	289 530,0	628 732,0
Шығыстар, оның ішінде:	1 310 866,5	225 169,0	279 390,0	1815425,5
Жер салығы	3 852,9	4 324	189,3	8366,2
Мүлік салығы	4 449,6	92,0	8,1	4549,7
Амортизация	22 219,2	908,0	22 646,0	45773,2
Пайда	- 1 202 855,1	6 022,0	10 140,0	-1 186693,1
Рентабельділік, %		2,6	3,5	

Инвестициялық қоржын және ӘКК инвестициялық саясаты

ӘКК инвестициялық қоржынының құрылымы бірінші кезеңде жұмыс істеп тұрған еншілес компаниялардағы жобаларды және жаңа еншілес компаниялардағы жобаларды іске асыруды қамтиды.

Агроөнеркәсіптік кешен, инфрақұрылым және логистика, туризм, жол маңындағы сервис, тұрғын үй құрылысы, көлік, энергетика салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланған.

Компания инвестициялық жобаға жобаның ең бастапқы сатысында (start-up) немесе даму сатыларында кіреді. Инвестициялар сомасы әрбір нақты жағдайда, бизнес-жоспар негізінде жеке айқындалады.

Инвестициялық жобадан шығу мынадай негізгі өлшемдер бойынша жүзеге асырылады: ӘКК-нің жобадағы акцияларын/үлесін сатудан алынған кіріс ӘКК-нің жобаға инвестицияларының сомасын және Ұлттық Банктің жобаға кіру күні қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша осы инвестициялар сомасына есептелген сыйақыны жабады.

ӘКК-нің активтегі өзінің акциялар пакетін/қатысу үлесін сату туралы шешімі нарықтық бағалау негізінде іске асырылады, сондай-ақ активті сатып алған кезде ӘКК қарсы нарықтық бағалау жүргізеді.

ӘКК инвестициялық қоржыны 2,728 млрд. теңге құрайды.

ӘКК инвестициялық қоржынының құрылымы

ӘКК еншілес кәсіпорындарының тізбесі

№	Кәсіпорынның атауы	ӘКК қатысу үлесі
1	"Көкшетау" СДО" ЖШС	100%
2	"Есіл" микрокредит ұйымы" ЖШС	100%
3	"Табыс-бер" ЖШС	100%
4	"Көкше-Тау" ЖШС	90%
5	"Көкшетау Құрылыс" ЖШС	49%
6	"ЭкоСервисБурабай" ЖШС	49%
7	"Еңбекші" СДО" ЖШС	49%
8	"ZerenTour" ЖШС	49%
9	"ПИ "Көкшетаугорсельпроект" ЖШС	49%
10	"Табысты-Есіл" ЖШС	49%
11	"Аграрий Сарыарқа" ЖШС	49%
12	"Көкшетауоблстрой" ЖШС	49%
13	"Шағалалы" СДО" ЖШС	49%
14	"КЗДД" ЖШС	44%
15	"Агротрейд Есіл" ЖШС	42,57%
16	"Аршалы-Заготпром" ЖШС	40%
17	"Неман-2004" ЖШС	40%
18	"Korlea-Investenergycorporation" ЖШС	34%
19	"Қаз-Пенополистирол-Плэкс" ЖШС	30%
20	"Масальский ГОК" ЖШС	30%
21	"Esil Iron LTD" ЖШС	30%
22	"Шортанды" СДО" ЖШС	26,69%

23	"Орман-өнімдері" ЖШС	26,13%
24	"Altyn Esil group" ЖШС	25%
25	"Есіл Gold company" ЖШС	20%
26	"Есіл Mining" ЖШС	20%
27	"Есіл Марганец" ЖШС	20%
28	"Ақсу-Есіл" тау-кен компаниясы" ЖШС	10%

Кестеде келтірілген кәсіпорындардың пайдалылығын былайша көрсетуге болады:

2013 жылы 14 843 мың теңге сомасына дивидендтер есептелген, оның ішінде еншілес ұйымдар бөлінісінде:

1) "ПИ "Көкшетаугорсельпроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 8 500 мың теңге;

2) "ЭкоСервисБурабай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 1 343 мың теңге;

3) "Есіл" микрокредит ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі -3 500 мың теңге;

4) "КЗДД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 1 500 мың теңге.

"Altyn Esil group", "Есіл Gold company", "Есіл Mining", "Есіл Марганец", "Esil Iron LTD", "Ақсу-Есіл" тау-кен компаниясы", "Масальский ГОК" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері қызметін жер қойнауын пайдалану саласында жүзеге асыратын компаниялар болып табылады және қазіргі кезде жер қойнауын пайдалануға арналған операцияларды жүргізуге келісімшарттар жасасу жөніндегі жұмыстарды және геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыруда.

"Көкше-Тау", "Орман-өнімдері", "Табысты-Есіл", "Көкшетауоблстрой", "Korlea-Invest energycorporation", "Аршалы-Заготпром", "Еңбекші" СДО", "Қаз-Пенополистирол-Плэкс" және "Аграрий Сарыарқа" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері жұмыс істемейді.

"Көкшетау СДО", "Табыс-бер", "Көкшетау Құрылыс", "Агротрейд Есіл", "Шортанды СДО" және "ZerenTour" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері шығынды болып табылады.

"Шағалалы" СДО" және "Неман-2004" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты кәсіпорындар бойынша оларды оңалту жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта ӘКК-нің "Қаз-Пенополистирол-Плэкс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысу үлесін өткізу туралы мәселе қаралып жатыр.

"Көкше-Тау", "Орман-өнімдері", "Табысты-Есіл" және "Көкшетауоблстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты кәсіпорындар бойынша оларды оңалту жөніндегі іс-шаралар жүргізілмек.

"Korlea-Invest energycorporation", "Аршалы-Заготпром", "Еңбекші" СДО" және "Аграрий Сарыарқа" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты кәсіпорындар бойынша олардың банкроттығы жөнінде заңда белгіленген іс-шаралар жүргізіледі.

Қаржылық жағдайды сауықтыру мақсатында ӘКК мынадай іс-шараларды орындайды:

- 1) қаржылық болжамдау;
- 2) бақылаудың тиімді тетіктерін әзірлеу;
- 3) инновациялық, инвестициялық саясатты дамыту;
- 4) кадр саясатын жетілдіру.

ӘКК инвестициялық жобаларды технологиялық толықтыру, іріктеу жөнінде жұмыстар жүргізуде. "Туризм" кластерін құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

2013 жылы ӘКК ұйымдық құрылымын қайта ұйымдастыру жүргізілді, еңбек функциялары мен жұмыс дағдысына сәйкестігі негізінде қызметкерлерді жұмыс орындары бойынша бөлу жүргізілді. Кадр резервін құрауға зор көңіл бөлінеді. 2013 жылы бес департамент директоры мен бір еншілес ұйым басшысы меншікті кадр резервінен тағайындалды. ӘКК өңірлік даму институты болып табылады, оның қызметі Ақмола облысын экономикалық және әлеуметтік дамытуға бағытталған. Бұл міндетті іске асыру өңір экономикасына инвестициялар тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру және қаражатты (пайданы) әлеуметтік жобаларды іске асыруға жіберу жолымен қамтамасыз етіледі.

ӘКК инвестициялық қызметі Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-4 шешімімен бекітілген Ақмола облысының аумағын дамыту бағдарламасының және ҮИИДМБ шеңберінде жүзеге асырылады.

ӘКК жобаларын қарау және іріктеу қағидаты мен тетігі

Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктерін негізге ала отырып, ӘКК мынадай салаларды дамытуға басымдық береді:

Сала	Қызмет бағыты
АӨК	ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру және қайта өңдеу және одан соңғы тұтынушыға дейін жеткізілетін өнім алу
Кен өндіру	минералдық шикізатты кешенді пайдалану, техногендік қалдықтарды қайта өңдеу (ТМО)
Машина жасау	құрал-жабдықтар мен қосалқы машиналар өндірісі, жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібі үшін технологиялық жабдық өндірісі
Туризм	ШБКА кешенді дамыту, облыстың басқа аудандарында туризмді дамыту
Құрылыс материалдарының өндірісі	қаптау және лак-бояу материалдарының өндірісі, жол құрылысына арналған материалдар өндірісі

ӘКК инновациялық қызметі

Өңірде шетелдік инвесторларды қолдау және сүйемелдеу мақсатында ӘКК 2012 жылы ИҚО құрады.

ӘКК басқармасының 2012 жылғы 14 тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген " Инвесторларға қызмет көрсету орталығы туралы" ереженің негізінде ИҚО-ның негізгі міндеттері:

- 1) Ақмола облысына инвестициялар тарту үшін инвесторлар іздеу;
- 2) инвесторларды өңірлік деңгейде сервистік қолдау;
- 3) инвестициялар тарту мәселелері бойынша ӘКК-ні ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

ИҚО функциялары:

1) отандық және шетелдік инвесторларды іздеу, оларды сервистік қолдау және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету, облыс деңгейіндегі мемлекеттік қолдау құралдарын ықпалдастыру;

2) әлеуетті инвесторларды тарту жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу;

3) қазақстандық және шетелдік тараптардың қатысуымен инвестициялық форумдар, семинарлар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізу, халықаралық инвестициялық іс-шараларға қатысу;

4) инвесторларға оларды қызықтыратын мәселелер бойынша консультация беру (салықтық жеңілдіктер мен қолданыстағы заңнаманың инвестициялық преференциялары);

5) инвесторлар мен Ақмола облысының мемлекеттік органдары, бизнес субъектілері арасында келіссөздер, кездесулер ұйымдастыру;

6) қазақстандық және шетелдік тараптар арасында бірлескен кәсіпорындар құру үшін әлеуетті әріптестер іздеу, өңірлік деңгейде инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

7) халықаралық инвестициялық іс-шараларда Ақмола облысының бизнес субъектілерінің мүддесін білдіру;

8) инвесторларға сервистік қолдау көрсету;

9) ИҚО құзыреттерінің шегінде шарттардың (меморандумдардың, келісімдердің) түпнұсқаларын есепке алуды және тіркеуді жүргізу.

ӘКК еншілес компаниялардың бәрі үшін ортақ, сондай-ақ әрбір еншілес ұйым үшін ерекше инновациялық қызметтің түйінді көрсеткіштерін айқындау арқылы компаниялардың инновациялық белсенділігін ынталандыратын болады. Осы қызметке индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін тарта отырып, инновацияларды дамыту үшін қажетті ұйымдық тетіктер (инновациялық стратегия, инновациялық процестерді және кадрларды басқару жүйесі және т.б.) құрылатын болады.

Сонымен қатар ӘКК ғылыми-технологиялық саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тиімді құралдары ретінде ұзақ мерзімді перспективаға арналған нысаналы технологиялық бағдарламаларды дамытуға белсенді жәрдемдесетін болады. ӘКК инновацияларды тиімді енгізу және жоғары технологиялы өндірістерді дамыту жөнінде жұмыс жүргізеді.

Қазіргі кезде ӘКК-ні ғылыми және технологиялық зерттеулерге, сондай-ақ тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға тарту мүмкіндігі қаралуда. Ғылымға және перспективалы технологияларды әзірлеп, енгізетін кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар дамыған елдерде ресурстарды орналастырудың неғұрлым тиімді тәсіліне айналып үлгерді.

Қазіргі кезде жекеше инвесторлар болашақта пайда алу тәуекелінің жоғары болуына байланысты ғылыми әзірлемелер мен инновацияларға қаржы салуға әзір емес. Жекеше компанияларға зерттеу институттары мен тікелей жұмыс істеу күрделі әрі тиімсіз: ғылымды қажет ететін жобаларды бизнес сатыға дейін "өсіру" және "жеткізу" функцияларын өзіне алатын үшінші тараптың болуы қажет. ӘКК-нің ғылыми әзірлемелер орталықтарымен өзара іс-қимыл жасауы осының оң үлгісі бола алады.

Энергия, ресурс үнемдеу, жергілікті қамтуды дамыту, баламалы энергетика ӘКК-нің инновациялық дамудағы түйінді басымдықтары болып табылады. Қазіргі уақытта ӘКК "Samruk-GreenEnergy" ЖШС-мен бірге қуаты 10 МВт болатын биомасса негізінде электр және жылу энергиясын өндіретін станция салу мәселесін пысықтап жатыр.

Инновациялық өндірістерді дамыту мақсатында ӘКК жылдық жиынтық табысының 1 %-ын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аударуға міндеттенеді.

Бұдан басқа, ғылыми-зерттеу және өнеркәсіптік блок арасындағы өзара тығыз байланысты қамтамасыз ету мақсатында ӘКК Ақмола облысында технологиялық парк құруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ ӘКК облыстың инновациялық дамуын жақсартуға бағытталған мынадай іс-шараларды жүргізу мәселесін қарауда:

1) R&D орталықтарын құру, бұл қазақстандық жобалар бойынша зерттеулер жүргізуді біртіндеп Қазақстан аумағына ауыстыруға ықпал етеді;

2) кәсіпорындарда отандық әзірлемелерді енгізу және ел ішінде қазақстандық инновацияларға сұранысты ұлғайту үшін қазақстандық инжинирингтік және жобалық компанияларды құру;

3) бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін шетелдік университеттерді, экспорттық ұйымдарды, шетелдердің шағын және орта бизнесін тарту, бұл жаһандық инновациялық жүйеге ықпалдасу үшін кешенді, теңгерімделген және нысаналы шараларды қамтамасыз етеді.

ӘКК дамытудың басым бағыттарын (АӘК, туризм, жер қойнауын пайдалану, өнеркәсіп) ескере отырып ішкі және сыртқы ортаны талдау нәтижесінде ӘКК мықты және осал тұстары, сондай-ақ қазіргі мүмкіндіктері мен қауіптері анықталды, олар төмендегі кестеде келтірілген.

ӘКК SWOT-талдау

Мықты тұстары	Осал тұстары
<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан белсенді қолдау; - ұлттық компания мәртебесінің болуы; - активтердің болуы; - қатты және кең таралған пайдалы қазбаларға арналған жер қойнауын пайдаланудың басым құқығы. 	<ul style="list-style-type: none"> - тұрақты қаржыландыру көзінің болмауы; - мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға жұмсалатын шығындардың қайтарымсыздығы; - компаниялардың қызметіне коммерциялық емес жүктеменің түсуіне байланысты қызмет тиімділігінің төмендеуі; - өңірде білікті кадрлардың болмауы; - жекеше әріптестер тарапынан белсенділіктің жеткіліксіз болуы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - халықаралық компаниялар мен әріптестік ; - технологиялар трансферті және қор нарығына шығу; - шетелдік инвестицияларды тарту; - мемлекеттік және жекешелік әріптестікті шоғырландыру мүмкіндігі. 	<ul style="list-style-type: none"> - әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық, бұл қарыз қаражатының қымбаттауына және шикізат бағаларының тұрақсыздығына алып келеді; - заңнаманың өзгеруі; - экспорттық баждардың ұлғаюы, салықтардың жоғарылауы және т.б.; - жер пайдалану құқығын беруге конкурстар өткізу ӘКК-нің жерқойнауын пайдалану саласындағы жобаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

ӘКК-нің сыртқы және ішкі ортасының мықты тұстарын айқындау негізінде олардың бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін мүмкіндіктер анықталды.

Проблемаларды (осал тұстарды) жою мүмкіндіктердің туындауына алып келеді, ал керісінше болса - ӘКК дамуына қауіп төнеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына, ҮИИДМБ-ға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 -2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасына сәйкес өңірлерге құйылатын инвестицияларды ұлғайту жоспарланып отыр, мұның өзі облыс экономикасының басым салаларын дамытуға ықпал ететін жоспарлы инвестициялық саясат жүргізуге мүмкіндік бермек.

Мемлекеттің экономика салаларындағы өнімділікті жоғарылатуды ынталандыруы, инновациялық әзірлемелерді енгізу, заманауи басқарушылық технологияларды енгізу, бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарактандыру),

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге әртүрлі көздерден жұмсалатын шығындар; зияткерлік меншікті қорғау, кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың әртүрлі құралдарын енгізу және іске асыру жаңа технологияларды тарту, өңірдегі инновациялық саясатты жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2. ӘКК миссиясы мен пайымы, мақсаты мен міндеттері

Мақсаты - өңірдің өсу нүктелерінде бизнес-бастамаларды қолдау және экономикалық белсенділікті ынталандыру.

Миссиясы - мемлекет пен бизнестің әріптестігі қағидаттарында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу.

Пайымы - 2023 жылға қарай ӘКК өзін активтерді тиімді басқаратын, Ақмола облысының өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті, оның ішінде инвестициялар тарту арқылы ынталандыратын және бәсекеге қабілетті орнықты өндірістерді қалыптастырудың катализаторы ретінде әрекет ететін өңірлік даму институты ретінде көреді.

Міндеттері:

1) өңір экономикасының басым секторларында (өсу нүктелері) өндірістердің жаңаларын ашу және жұмыс істеп тұрған бәсекеге қабілетті өндірістерді жаңғырту;

2) мемлекеттік активтердің іскери айналымға тартылуын қамтамасыз ету, проблемалы активтерді сауықтыру және олардың базасында бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту;

3) озық өндірістік және басқарушылық технологиялар мен стандарттарын енгізу;

4) активтердің құнын ұлғайту;

5) бастапқы бизнесті қолдау инфрақұрылымын дамыту (бизнес-инкубаторлар, технопарктер, индустриялық аймақтар);

6) басым салаларда кластерлерді дамыту, өңірдің жүйе түзуші және ірі компанияларының айналасында ШОБ дамыту бойынша әріптестік бағдарламаларын үйлестіру;

7) отандық өндірісті, бәсекеге қабілетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді орнықты дамыту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ оларды ішкі нарықта ілгерілету;

8) компания қызметінің шеңберінде бизнеске қаржылай емес қолдау көрсету;

9) бизнес-жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастықты кеңейту;

10) коммуникацияларды дамыту және қоржынды компаниялар арасында машық алмасу;

11) ішкі және сыртқы нарықтарда өнімді белсендірек ілгерілету үшін өнімді брендтеуге қолдау көрсету;

12) перспективалы жобаларды жүзеге асыру үшін өңірге отандық және шетелдік инвесторларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында тарту;

13) үлестік қаржыландыру, активтер түрінде қатысу арқылы инвесторларға жобаларды іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуда жәрдем көрсету;

14) акционерлер белгілеген өзге де міндеттер.

Стратегияны іске асыру кезеңдері

Стратегияны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады:

1-кезең - 2014 - 2018 жылдар.

Бірінші кезеңде:

1) активтерді қайта құрылымдауды аяқтау;

2) мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудағы қызметті оңтайландыру;

3) шығынсыздық деңгейіне шыға отырып, ӘКК-ні сауықтыру;

4) корпоративтік басқаруды дамыту;

5) басым салаларда инвестициялық жобалар базасын қалыптастыру;

6) инвестициялар тарту.

2-кезең - 2019 - 2023 жылдар

Екінші кезеңде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу бойынша кең ауқымды тиімді жұмыс жүзеге асырылмақ, оларды іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) инвестициялық жобаларды іске асыру, жаңа өндірістер құру;

2) корпоративтік басқаруды дамыту;

3) өңірдегі жұмыс орындарының санын ұлғайту;

4) қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған отандық өнімді өткізу, кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

Жарғылық капиталдағы үлесті (акциялар пакетін) бәсекеге неғұрлым қабілетті әрі қаржылай орнықты компаниялардың бәсекелі ортасына, оның ішінде қор нарығы арқылы беру.

3. Қызметтің стратегиялық бағыттары (бұдан әрі - ҚСБ), қызметтің түйінді көрсеткіштері, іс-шаралар және межелеген нәтижелер

ӘКК алдында қойылған міндеттердің алдында қызметтің мынадай басым бағыттары анықталды:

- 1) инвесторлар тарту және өңірдің өсу нүктелерінде жаңа өндірістер құру;
- 2) кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау;
- 3) активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату.

1-ҚСБ. Инвесторлар тарту және өңірдің өсу нүктелерінде жаңа өндірістер құру

1-мақсат. Облыстың АӨК орнықты өсуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

Міндеттер:

- 1) перспективалы жобаларды жүзеге асыру үшін өңірге отандық және шетелдік инвесторларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында тарту;
- 2) үлестік қаржыландыру, активтер түрінде қатысу арқылы инвесторларға жобаларды іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуда жәрдем көрсету;
- 3) АӨК-те бәсекеге қабілетті өндірістердің жаңаларын құру және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту;
- 4) жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласында бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру;
- 5) АӨК өнімдерінің өндірісін орнықты өсіру есебінен өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) сыртқы нарықтарда АӨК өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;
- 7) өсімдік шаруашылығын дамыту көрсеткіштерін орнықты өсіру;
- 8) жер ресурстарын тиімді пайдалану және диқаншылықты дамыту;
- 9) ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өндірістерді дамыту.

Іс-шаралар:

- 1) заманауи көкөніс сақтау қоймаларын құру;
- 2) тұқымның элиталы және өнімділігі жоғары аудандастырылған сорттарын пайдалану;
- 3) жылыжай шаруашылықтары объектілерін ұлғайту;
- 4) асыл тұқымды және өнімділігі жоғары мал басы мен бордақылау алаңдарының санын ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру;
- 5) инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- 6) АӨК субъектілерінің қарыздарына кепілдіктер беру және оларды сақтандыру жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысу;
- 7) АӨК-ке және оның өңделген өнімдеріне инвестициялар тарту;
- 8) ауыл шаруашылығы өнімдері және оларды қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды дамытуға жәрдемдесу;

9) аграрлық технологияларды сақтау және неғұрлым рентабельді ауыл шаруашылығы дақылдарын енгізу есебінен шығымдылықты жоғарылату, сондай-ақ басқарудың жаңа әдістері мен заманауи бордақылау технологияларын енгізу ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін еншілес кәсіпорындарда жоспарланып отыр;

10) элиталы тұқым өсіру шаруашылықтар санын ұлғайту;

11) жайылым ресурстарының өнімділігін қалпына келтіру;

12) жеңіл өнеркәсіпті, ең алдымен өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің өнімдерін қайта өңдеу саласында дамытуға жәрдемдесіп (оның ішінде, тері-былғары шикізатын, жүн өңдеу), қосылған құны жоғары өнім өндіру;

13) сүт-тауар фермаларын салу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) АӨК саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру (бірлік);

2) АӨК-тегі еңбек өнімділігін өсіру (мың теңге/ адам);

3) АӨК саласында инвестициялар тарту (млн.теңге).

Межеленген нәтижелер:

1) АӨК саласында 2018 жылға қарай 15 жоба іске асырылатын болады, 2023 жылға қарай АӨК саласында іске асырылған жобалардың жиынтық саны 41 жобаға жетеді;

2) 2018 жылға қарай АӨК-де еңбек өнімділігі бір адамға 1500 мың, теңгені құрайды, 2023 жылға қарай 3000 мың теңгеге дейін өседі;

3) 2018 жылға қарай АӨК саласына тартылған жиынтық инвестициялар 1680 млн. теңгені құрайды, 2023 жылға қарай 5380 млн. теңге болмақ.

2-мақсат. Жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды дамыту.

Міндеттер:

1) жер қойнауын пайдалану жобаларына инвестициялар тарту;

2) жер қойнауын пайдаланудың минералдық-шикізат ресурстарын өндірудің ресурс үнемдейтін және экологиялық технологияларын енгізуді ескере отырып, алдыңғы қатарлы технологиялар трансферті;

3) Қазақстанның "жасыл" экономикаға көшуін ескере отырып, ӘКК-нің жер қойнауын пайдалану саясатын іске асыру;

4) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту.

Іс-шаралар:

1) цемент, керамикалық және силикатты кірпіш, жабынқыш, асбест-цемент бұйымдары, гипс, әк, керамзит секілді құрылыс материалдарының өндірісі бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңарту;

2) жұмыс істеп тұрған және жаңа өндірістер үшін минералдық-шикізат базасы бойынша перспективалы карта жасау: тұтқыр материалдар, шыны, минералды мақта, құрғақ құрылыс қоспалары, керамикалық плита;

3) жұмыс істеп тұрған және жаңа кәсіпорындарды технологиялық жаңартуға инвестициялар тарту, бұл өнімнің көлемі мен номенклатурасы бойынша құрылыс саласының қажеттіліктеріне бағытталған;

4) өңірдегі кен өндіруші және қайта өңдеуші өнеркәсіпті дамыту.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру (бірлік);

2) салада құрылған жұмыс орындарының саны (жұмыс орындары);

3) заманауи технологияларды тарту (бірлік).

Межеленген нәтижелер:

1) жер қойнауын пайдалану саласында 2018 жылға қарай 45 жоба іске асырылатын болады, оның ішінде 35 - кең таралған пайдалы қазбалар бойынша және 10 - қатты пайдалы қазбалар бойынша, 2023 жылға қарай жер қойнауын пайдалану саласында іске асырылған жобалардың жиынтық саны 114-ке жетеді, оның ішінде 99 - кең таралған пайдалы қазбалар бойынша және 15 - қатты пайдалы қазбалар бойынша;

2) жер қойнауын пайдалану саласында жобаларды іске асыру нәтижесінде 2018 жылға қарай 700 жұмыс орны құрылады, 2023 жылға қарай жұмыс орындарының саны 1920-ға жетеді;

3) жер қойнауын пайдалану жобаларында пайдаланылатын заманауи технологиялар саны 2018 жылы 2 бірлікті, 2023 жылға қарай - 7 бірлікті құрайды.

3-мақсат. Туристік индустрияны дамыту.

Міндеттер:

1) туристік индустрия саласында шетелдік тәжірибені зерделеу және инновациялық технологияларды енгізу;

2) Ақмола облысының туристік индустриясына инвесторлар тарту;

3) ЩБКА дамытудың жүйелі жоспарын іске асыру;

4) Ақмола облысында туризм туралы ақпараттық веб-портал құру және ілгерілету;

5) туристік индустрияға кадрлар даярлау және индустрия қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату үшін еуропалық сапа стандарттарына сай келетін қолданбалы ғылымдар университетін/колледжін салу жөніндегі жобаны іске асыру;

6) Ақмола облысында туристік өнімді ілгерілету;

7) авиа және теміржол билеттерін брондау және сату нүктелерін құру;

8) Ақмола облысында рейстік турлар жасау үшін автопарк сатып алу;

9) кәдесый өнімдерін шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру.

Іс-шаралар:

1) Астана - Бурабай автотрассасының жол маңындағы сервис объектілерін салу;

2) құрылатын туристік орталықтардың аумақтарында туристік қызметтің қоршаған ортаға келеңсіз әсеріне жол бермеу тетігін әзірлеу;

3) туристік орталықтарды дамыту бойынша инвесторлармен келісімшарттар жасасу;

4) ШБКА қоқыс өңдеу зауытын салу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) туристік салаға ӘКК инвестицияларын ұлғайту (млн. теңге);

2) туризм саласында мамандарды оқыту және олардың біліктілігін жоғарылату (адам);

3) БАҚ-тағы өңірдің туристік тартымдылығы туралы баяндамалардың, мақалалардың және бейнематериалдардың саны (бірлік/жыл).

Межеленген нәтижелер:

1) өңірдің туристік саласына тартылған инвестициялар 2018 жылға қарай 850 млн. теңгені, 2023 жылға қарай - 3 260 млн. теңгені құрайды;

2) біліктілігін жоғарылату туралы сертификат алғандардың саны 2018 жылға қарай 285 адамды, 2023 жылы - 865 адамды құрайды;

3) туризм саласы туралы жарияланған материалдар саны 2018 жылға қарай жылына 15 бірлікті, 2023 жылы - жылына 20 бірлікті құрайды.

2-ҚСБ. Кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау

1-мақсат. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту (индустриялық аймақтар, бизнес-инкубаторлар).

Міндеттер:

1) жаңадан басталған бизнесті қолдау инфрақұрылымын дамыту (бизнес-инкубаторлар, технопарктер, индустриялық аймақтар);

2) бизнесті қолдау инфрақұрылымының қосымша объектілерін құруға жәрдемдесу: технопарктер, индустриялық аймақтар, АЭА;

3) ішкі және сыртқы нарықтарда неғұрлым белсенді ілгерлету үшін өнімді брендтеуге жәрдемдесу;

4) компания қызметінің шеңберінде бизнеске қаржылай емес қолдау көрсету;

5) басым салаларда кластерлерді дамыту, өңірдің жүйе түзуші және ірі компанияларының айналасында ШОБ дамыту бойынша әріптестік бағдарламаларын үйлестіру.

Іс-шаралар:

1) ИҚО құруға жәрдемдесу;

2) ақпараттық және сарапшылық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті өндірістер құруға жәрдемдесу;

4) облыс саласының әлеуетін зерделеу және өңірлік жаңа кластерлер құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

5) ЖАО-мен бірге бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, индустриялық аймақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

6) облыс саласының әлеуетін зерделеу және өңірлік жаңа кластерлер құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

7) бизнес-жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою;

8) ЖАО-мен бірге отандық бизнестің және шетелдік инвесторлардың қатысуымен дөңгелек үстелдер, кеңестер өткізу;

9) ӘКК мен ЖАО-ның жәрдемдесуімен өңірдің ірі компаниялары мен ШОБ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою;

10) өңір аумағында брендтер құруға жәрдемдесу;

11) өңір аумағында технопарктер, индустриялық аймақтар, АЭА құруды ұйымдастыруға жәрдемдесу;

12) даму институттарының қаражаты мен мүмкіндіктерін пайдалану.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) веб-сайтқа кірушілер саны (жылына мың кіруші);

2) өңірде құрылған бизнес-инкубаторлар мен индустриялық аймақтар саны (бірлік);

3) қарауға келіп түскен бизнес-өтінімдер саны (бірлік).

Межеленген нәтижелер:

1) 2018 жылы веб-сайтқа кірушілер саны жылына 40 мың кірушіні, 2023 жылы - 50 мың кірушіні құрайды;

2) 2018 жылға дейін облыс аумағында 2 индустриялық аймақ құрылады; 2023 жылға дейін олардың саны 4 бірлікке жетеді;

3) 2018 жылы қарауға келіп түскен бизнес-өтінімдер саны 60 бірлікті құрайды, ал 2023 жылға қарай олардың саны жылына 80 бірлікке жетеді.

2-мақсат. Инвестициялар тарту, инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету.

Міндеттер:

1) Ақмола облысының жағымды инвестициялық, имиджін ілгерілету;

2) инвестициялар тарту шарттарын жетілдіру;

3) экспорттаушыларға сервистік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету жолымен отандық өнімнің экспортын дамытуға және ілгерілетуге жәрдемдесу;

4) үлестік қаржыландыру, активтер түрінде қатысу арқылы инвесторларға жобаларды іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуда жәрдем көрсету;

5) коммуникацияларды дамыту және қоржынды компаниялар арасында машық алмасу;

6) бизнес-ахуалды жақсарту және инвестициялар ағынын ынталандыру.

Іс-шаралар:

1) сыртқы экономикалық байланыстар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен, "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігімен, Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктерімен және өкілдіктерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

2) шетелдік және отандық инвесторлармен меморандумдар, ниет хаттамаларын жасасу;

3) өңір бойынша инвестициялық жобалардың және шетелдік инвесторлардың дерекқорын жүргізу;

4) интернет арқылы, тиісті ұйымдармен, БАҚ-пен байланыс орнату арқылы Қазақстан Республикасының ішінде де, шет елдерде де ықтимал нарықтардың бәрінде облыстағы инвестициялық ахуал туралы ақпарат тарату.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) ӘКК инвестициялық қоржынының көлемі (млн. теңге);

2) инвестициялардың рентабельділігі (%);

3) жекеше инвесторлардың қаражатын тартудың ӘКК салынған қаражатына арақатынасы (коэффициент).

Межеленген нәтижелер:

1) 2018 жылы ӘКК инвестициялық қоржынының көлемі 5 000 млн. теңгені, 2023 жылы - 6 300 млн. теңгені құрайды;

2) 2018 жылы ӘКК инвестицияларының рентабельділігі 4,7 %-ға жетеді; 2023 жылы 5,8 %-ды құрайды;

3) 2018 жылы жекеше инвесторлардың қаражатын тартудың ӘКК салынған қаражатына қатысты коэффициенті 3,8-ді, 2023 жылы коэффициент 4,8-ді құрайды.

4) 2018 жылы қарауға келіп түскен бизнес-өтінімдердің саны 60 бірлікті құрайды, ал 2023 жылға қарай олардың саны жылына 80 бірлікке жетеді.

3-мақсат. Өңір экономикасының басым секторларына отандық және шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жандандыру.

Міндеттер:

1) перспективалы жобаларды жүзеге асыру үшін өңірге отандық және шетелдік инвесторларды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында тарту;

2) үлестік қаржыландыру, активтер түрінде қатысу арқылы инвесторларға жобаларды іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуда жәрдем көрсету;

3) әлеуетті инвесторларды ішкі ортаға бейімдеу;

4) жобаға инвестициялық алаң іріктеу;

5) жүзеге асырылған инвестициялардың мониторингі;

6) өңірлік инвестициялық іс-шараларды жүргізу.

Іс-шаралар:

1) бірлескен өндірістерді, аутсорсингті, франчайзинг пен кооперацияны дамытуға жәрдемдесу;

2) өндірістік құжаттарды қайта жаңартуға және жаңғыртуға отандық, және шетелдік жекеше инвестициялар тарту;

3) қолайлы орта қалыптастыруға, инвестициялық әлеуетті және кәсіпкерлік объектілерінің жобаларды инвестициялау бойынша белсенділігін дамытуға ықпал ету;

4) өңірлік инвестициялық жобаларды жинау және құрылымдау;

5) әлеуетті инвесторлармен тікелей өзара іс-қимыл жасау, атап айтқанда өңір бойынша, жобаға инвестициялық алаң іріктеу бойынша қажетті деректер алуда, бастапқы құжаттарды, қажетті деректерді және басқа да ақпаратты алуда жәрдем көрсету;

6) жергілікті жерлерде шетелдік инвесторлардың өтініштеріне жедел ден қою ;

7) өңірлерде жобаларға инвестициялаудан кейінгі кезеңде қолдау көрсету.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) жыл сайын, оның ішінде шетелдік капиталдың қатысуымен іске қосылатын инвестициялық жобалардың саны (бірлік);

2) өңдеуші өнеркәсіпке құйылатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі, кемінде 20 % (%);

3) өңірге тартылған шетелдік инвесторлардың (жыл сайын кемінде екеу) саны , оның ішінде "Global - 2000" тізімінен (2023 жылға дейін кемінде үшеу), бірлік.

Межеленген нәтижелер:

1) 2018 жылы ӘКК-нің іске асырылған инвестициялық жобаларының жиынтық саны 68 бірлікті, оның ішінде шетелдік капиталдың қатысуымен 5 жобаны құрайды, 2023 жылы 178 бірлікті, оның ішінде шетелдік капиталдың қатысуымен 10 жобаны құрайды;

2) 2018 өңдеуші өнеркәсіпке құйылатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі кемінде 8 %-ды, 2023 жылы кемінде 20 %-ды құрайды;

3) 2018 жылға дейін тартылған шетелдік инвесторлардың саны 10 бірлікті (оның ішінде Global-2000 тізімінен біреу) құрайды, 2023 жылға дейін 20 бірлікті (оның ішінде Global-2000 тізімінен үшеу) құрайды.

3-ҚСБ. Активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату.

1-мақсат. Корпоративтік басқарудың заманауи стандарттарын енгізу

Міндеттер:

1) корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату;

2) кадрлық әлеуетті өсіру: кадрлар даярлауды және олардың біліктілігін жоғарылатуды ұйымдастыру жолымен персоналдық құзыреттерін және дағдысын дамыту;

3) ҚР СТ ИСО 9001 стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу;

4) корпоративтік басқару жүйесі шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту жөніндегі көрсеткіштерді бағалау;

5) қызметкерлердің еңбегін көтермелеуді енгізу.

Іс-шаралар:

1) заңнама талаптарына және ӘКК мен байланысты компаниялар қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес корпоративтік басқару стандарттарын енгізе отырып, ішкі нормативтік актілерді әзірлеу;

2) ӘКК қызметін бағалауға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту жөніндегі көрсеткіштерді қосу;

3) білікті персоналды, оның ішінде "Болашақ" халықаралық бағдарламасының түлектері мен шетелдік жоғары оқу орындарының түлектерін, сондай-ақ шетелдік мамандарды тарту;

4) шетелдік және отандық біліктілігі жоғары консультанттармен ынтымақтастық;

5) еңбек нәтижелілігін жоғарылататын моральдық және материалдық көтермелеу арқылы қызметкерлерді ынталандыру және көтермелеу жүйесін әзірлеп, енгізу;

6) ИСО сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және 2015 жылы ӘКК-ге енгізу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) шәкіл бойынша корпоративтік басқару рейтингі 0-ден 100 %-ға дейін;

2) "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқудан өткен шақырылған мамандар саны (адам);

3) біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен персонал саны (жылына адам).

Межеленген нәтижелер:

1) 2015 жылы корпоративтік басқару рейтингі жасалады. Корпоративтік басқару рейтингін 2018 жылы 65 %-ға дейін, 2023 жылы 75 %-ға дейін жоғарылату жоспарланып отыр;

2) "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқудан өткен шақырылған мамандар саны 2018 жылы 3 адамды, 2023 жылы 5 адамды құрайды;

3) біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен персонал саны 2018 жылы жылына 2 адамды, 2023 жылы жылына 5 адамды құрайды.

2-мақсат. Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару тиімділігін жоғарылату.

Міндеттер:

1) активтердің құнын ұлғайту;

2) әлеуетті тиімді пайдалану және еншілес ұйымдардың құнын ұлғайту;

3) еншілес ұйымдардың таза пайдасын ұлғайту;

4) өндірістік және басқарушылық озық технологиялар мен стандарттарды енгізу;

5) коммуникацияларды дамыту және қоржынды компаниялар арасында машық алмасу;

6) мемлекеттік активтердің іскери айналымға қатысуын қамтамасыз ету, проблемалы активтерді сауықтыру және олардың базасында бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту.

Іс-шаралар:

1) кәсіпорындарда қаржылық есептің халықаралық стандарттарға сәйкес келетін прогрессивті әдістерін енгізу;

2) активтердің кірістілігін ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу;

3) еншілес ұйымдардың инвестициялық жобаларын іске асыруға жәрдемдесу, еншілес ұйымдарға қаржылай көмек, қарыз, жарғылық капиталды ұлғайтуға қаражат бөлу;

4) кәсіпорындарды оңтайландыру, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бірлескен кәсіпорындар құру;

5) активтерді, акцияларды және жобалардағы қатысу үлестерін сатып алу және сату бойынша ұсыныстарды жүзеге асыру;

6) шығынды активтерді сауықтыру, қайта ұйымдастыру;

7) еншілес ұйымдарда корпоративтік басқарудың заманауи әрі неғұрлым тиімді әдістерін енгізу.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) оңалтылған еншілес ұйымдар саны (бірлік);

2) еншілес ұйымдар активтерінің рентабельділігі (%);

3) еншілес ұйымдардың таза пайдасының өсуі (%).

Межеленген нәтижелер:

1) қаржылық сауықтырудан өткен еншілес ұйымдардың саны 2018 жылға дейін 4 бірлікті, 2023 жылға дейін 4 бірлікті құрайды (ӘКК жоспарлы кезеңде еншілес ұйымдарды қаржылық дағдарысты күйге дейін жеткізбеуді жоспарлап отыр);

2) еншілес ұйымдар активтерінің рентабельділігі 2018 жылы 4 %-ға, 2023 жылы 4,5 %-ға жетеді;

3) еншілес ұйымдардың таза пайдасының өсуі 2018 жылы 4,5 %-ды құрап, 2023 жылы 7 %-ға дейін ұлғаяды.

3-мақсат. ӘКК таза пайдасының ұлғаюы.

Міндеттер:

1) ӘКК таза пайдасын ұлғайту;

2) бір қызметкерге шаққанда ӘКК таза пайдасын ұлғайту;

3) операциялық шығындарды азайту;

4) ӘКК қызметінің рентабельділігін ұлғайту;

5) ӘКК-нің уақытша бос ақша қаражатын орналастырудың кірістілігі мен сенімділігінің оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету.

Іс-шаралар:

1) инвестициялық қоржын көлемін ұлғайту;

2) іске асырылып жатқан рентабельді инвестициялық жобаларды ұлғайту;

3) рентабельділігі мен кірістілік деңгейін ұлғайту мақсатында еншілес және тәуелді ұйымдармен жұмыс;

4) ӘКК әкімшілік шығыстарының құрылымын оңтайландыру;

5) бірлескен жобаларды іске асыру үшін сыртқы көздерден қаржы қаражатын тарту.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) ӘКК таза пайдасы (млн. теңге);

2) бір қызметкерге шаққанда ӘКК таза пайдасы (мың теңге).

Межеленген нәтижелер:

1) ӘКК таза пайдасы 2018 жылы 35 млн. теңгені, 2023 жылы 55 млн. теңгені құрайды;

2) бір қызметкерге шаққанда ӘКК таза пайдасы 2018 жылы 921 мың теңгені құрайды, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1 222 мың теңгеге жетеді.

Стратегия мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттары негізінде экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін ӘКК-ні өңірлік даму институты ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Ақмола облысының экономикасын дамытудың пәрменді құралы ретінде компания қызметін жетілдіру қажеттігі ӘКК-нің одан әрі дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге негіз болды.

**"Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы"
 акционерлік қоғамының 2014 - 2023 жылдарға арналған стратегиялық
 даму қызметінің түйінді көрсеткіштері (бұдан әрі - ҚТК)**

1-ҚСБ. Инвесторларды тарту және өңірдің өсу нүктелерінде жаңа өндістер құру

1-мақсат. Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің орнықты өсуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. АӨК саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру (бірлік)	1	2	3	4	5	5	5	7	7	7
2-ҚТК. Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін өсіру (мың теңге/ адам)	1500	1700	1700	1800	2000	2200	2500	2500	3000	3000
3-ҚТК. АӨК саласында инвестициялар тарту (млн.теңге)	100	200	330	450	600	600	750	750	800	800

2-мақсат. Жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды дамыту

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру (бірлік)	7	8	10	10	10	12	12	15	15	15
2-ҚТК. Салада құрылған жұмыс орындарының саны (жұмыс орындары)	100	100	150	150	200	200	220	250	250	300
3-ҚТК. Заманауи технологияларды тарту (бірлік)				1	1	1	1	1	1	1

3-мақсат. Туристік индустрияны дамыту

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Туристік салаға ӘКК инвестицияларын ұлғайту (млн. теңге)	50	100	200	250	250	300	380	470	560	700
2-ҚТК. Туризм саласында мамандарды оқыту және олардың біліктілігін жоғарылату (адам)	5	30	50	100	100	100	120	120	120	120
3-ҚТК. БАҚ-тағы өңірдің туристік тартымдылығы туралы баяндамалардың, мақалалардың және бейнематериалдардың саны (бірлік/жыл)	10	10	10	15	15	15	20	20	20	20

2-ҚСБ. Кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау

1 -мақсат. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту (индустриялық аймақтар, бизнес-инкубаторлар)

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Веб-сайтқа кірушілер саны (жылына мың кіруші)		34	36	38	40	42	44	46	48	50
2-ҚТК. Өңірде құрылған бизнес-инкубаторлар мен индустриялық аймақтар саны (бірлік)		1			1			1		1
3-ҚТК. Қарауға келіп түскен бизнес-өтінімдер саны (бірлік)	50	55	60	60	60	65	70	70	75	80

2-мақсат. Инвестициялар тарту, инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. ӘКК инвестициялық қоржынының көлемі (млн. теңге)	4050	4300	4500	4700	5000	5200	5400	5700	6000	6300
2-ҚТК. Инвестициялардың рентабельділігі (%)	3,5	4	4,2	4,5	4,7	5,0	5,2	5,4	5,6	5,8
3-ҚТК. Жекеше инвесторлардың қаражатын тартудың ӘКК салынған қаражатына арақатынасы (коэффициент)	3,0	3,2	3,4	3,6	3,8	4,0	4,2	4,4	4,6	4,8

3-мақсат. Өңір экономикасының басым секторларына отандық және шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жандандыру

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Жыл сайын, оның ішінде шетелдік капиталдың қатысуымен қосылатын инвестициялық жобалардың саны (бірлік)	9 1	11 1	15 1	16 1	17 1	19 1	19 1	4 1	4 1	4 1
2-ҚТК. Өңдеуші өнеркәсіпке құйылатын шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі, кемінде 20% (%)	101	102	103	105	108	110	112	115	118	120
3-ҚТК. Өңірге тартылған шетелдік инвесторлардың (жыл сайын кемінде екеу) саны, оның ішінде "Global - 2000." тізімінен (2023 жылға дейін кемінде 1 үшеу), бірлік	2	2	1 1	2	2	1 1	2	2	1 1	2

3-ҚСБ. Активтердің құнын ұлғайту және корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату

1-мақсат. Корпоративтік басқарудың заманауи стандарттарын енгізу

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Шәкіл бойынша корпоративтік басқару рейтингі 1-ден 100 %-ға дейін			55		65		70			75

2-ҚТК. "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқудан өткен шақырылған мамандар саны (адам)			1	1	1	1	1	1	1	1
3-ҚТК. Біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен персонал саны (адам)	2	3	3	3	4	5	5	5	5	5

2-мақсат. Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару тиімділігін жоғарылату

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. Оңалтылған еншілес ұйымдар саны (бірлік)	1	1	2							
2-ҚТК. Еншілес ұйымдар активтерінің рентабельділігі (%)	2,1	2,3	2,5	3,0	4,0	4,2	4,2	4,2	4,2	4,5
3-ҚТК. Еншілес ұйымдардың таза пайдасының өсуі (%)	3	3,2	4	4,2	4,5	5,0	5,2	5,5	6,0	7,0

3-мақсат. ӘКК таза пайдасының ұлғаюы

ҚТК атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1-ҚТК. ӘКК таза пайдасы (млн. теңге)	22	25	27	30	35	37	40	45	50	55
2-ҚТК. Бір қызметкерге шаққанда ӘКК таза пайдасы (мың теңге)	647	714	765	833	921	925	1000	1071	1162	1222